



**Ибрагимова Л.Т.,
Шаханбаев М.Н.**

**ДИЗАЙН ЖӘНЕ СУРЕТ
САБАҚТАРЫНДАҒЫ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*В данной статье на основе
исследовательской работы авторы
попытались раскрыть
актуальность инновационной
технологии на уроках дизайна и
изобразительного искусства.*

*This article, based on research the
authours tried to reveal the relevance of
innovative tehnologies in this classroom
design and fine arts.*

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуға. Бұл педагогика теориясымен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды. Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарлығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы, осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы акпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Осы заманда білім беруде педагогикалық инновацияны қолданудың тиімді үлгісін іздеу, бірінші кезекте білім берудің жаңа мазмұнын, педагогикалық процесті басқару деңгейін, сапасы мен шығармашылық сипатын теориялық тұрғыда зерделеуді қажет етеді. [1]

Жаңа сипаттағы инновациялық педагогикалық процестерді енгізу, жүргізу, үлгісі отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектерінде зерттелген:

Жоғарғы мектепте педагогикалық инновация процесін басқаруды ұйымдастырудың тиімділігі тұрғысынан А.И.Пригожин, Ю.А.Конаржевский, В.А.Сластенин, Л.С.Подымова, Ш.Т.Таубаева, Р.Масырова, Т.А.Линчевская, Б.А.Абдыкаримов, М.Қ.Құрманов, Т.Т.Галиев еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер-тарихи объективті процесс. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат- білім беру жүйесін қайта қарап, студенттердің шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда студенттің білім сапасын бұрынғыдай білім білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы студенттің алған білімін, жеке басын әрі қарай дамытуына, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалы болуымен тұжырымдалады.

Жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту технологиясында оқу пәндері әдістемелері мен білім беру технологияларын жоспарлау жүйесі қолданылады.

Студенттермен өтілетін дизайн және сурет сабақтарында, оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану мақсатында осы заманға сай Corel draw, Photo-paint, 3d max, т.б. бағдарламалар қолданылуда. Соның бірі Corel draw – бұл векторлы бейнелерді жасаудағы үлкен мүмкіндіктері бар қазіргі заманға ең танымды



жаңа бағдарламаның бірі болып табылады. Corel draw бағдарламасында контурларды әр-түрлі және қолайлы басқару шаралары бар, сондай-ақ мәтінмен жұмыс істеу құралдары жоғары дамыған. Бағдарламаны меңгере отырып керек нәтижеге жеткізген жеңілдік өзіңізді тандандыруы мүмкін. Контурларды құрастыру және басқарудың ойлап табылған құрал-саймандар жүйесі, олардың трансформациясының қарапайымдылығы, топ ішінде объектімен жұмыс жасауға болатындығы, біріктірілген контурларды жасаудың жеңілдігі, «тірі» геометриялық пішіндердің болуы, сонымен қатар графиктермен сызбалар тұрғызу үшін арнайы саймандарды пайдалану мүмкіндігі міне осылардың барлығы керекті объектіні жасауға көп көмегін тигізеді. Сізге өз ойларыңызды іске асыру үшін әр қилы жолдарды іздей отырып, бағдарламаның шектеулері мен күресудің қажеті жоқ, оның орнына өз күштеріңізді шығармашылық тапсырмаларды шешуге жұмсайсыз. Бояу және мөлдірлік Corel draw-та әр-түрлі, ал оларды басқару жұмыстары түсінікті болып келеді. Бірінғай және градиентті бояулардан бөлек, аралас, фронтальді және боялар бағдарламада көптеп кездеседі. Үлкен жобаларды жасау кезінде бояулармен түстердің кітапханасын қалай қолдануға болса, солай шаблонды да қолдануға болады. Салынған суреттің нәтижесі арнайы ерекше әсер береді, оларды атап айтқанда- жартылай мөлдір, жұмсақ нәзік көлеңке, болжаммен алынған қажаулар, объектінің сыртқы нобай сызығының орналасуы, дайын объектіні арнайы құрал-саймандармен бояу т.с.с. Corel draw бағдарламасы векторлы графиктерді тұрғызуға арналған бағдарлама болғандықтан, бағдарламаны кез-келген сурет салуда талап жағдайда қолданған жөн. Жоғарыда аталған мүмкіндіктерді пайдалана отырып, киімнің композициялы шешімін табуды, киімді көркемдеп сәндеу, қандай да бір бұйымның эскизін тұрғызу және адам тұлғасын салу сияқты мәселелерде шеше аламыз. Дегенмен уақыт өткен сайын Corel draw және де басқа да бағдарламалардың жаңа жетілген түрлері қолданысқа еніп жатыр.

Мұғалімінің кәсіби инновациялық педагогикалық технологияларды сурет және дизайн сабақтарында қолдануға дайындық үдерісі осы дайындықта басымдықты жеке тұлғаға бағытталған шығармашылық ыңғайға берілетіндей етіп ұйымдастырылуы тиіс, бұл ыңғай педагогикалық үрдістің барлық қатысушыларының белсенді қатысуын талап етеді және тұлға мен ұжымның қалыптасуына ықпал етеді.

Студенттердің көркемдік-педагогикалық икемдіктерінің құрылымы психологиялық-педагогикалық сипатқа ие икемдіктер кешені ретінде, арнайы икемдіктер мен көркемдік-эстетикалық бағыттылыққа ие, икемдіктері ретінде көрініс табады. Психологиялық-педагогикалық икемдіктер прогностикалық, жобалық, конструктивтік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, ақпараттық икемдіктерді қамтиды.

Болашақ мұғалімдердің инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолдануға қажетті арнайы креативтілікті қалыптастыра білу қабілетін; көркемдік-бейнелеушілікті өз бетінше дамыту мен өз-өзін жетілдіруді; сурет, кескіндеме салып, мүсін, сәндік бұйымдар жасауға үйренуі, белгілі көркемдік нысанды орындай білу қабілетін, композицияны жасауды игеруді; пәнаралық байланысты белгілеуді; бейнелеу өнері шығармашылық қабылдауға баулуды жатқызуға болады.

Маманның кәсіби даярлығы - өзіне тиісті кәсіби әрекетті орындауға қабілетті және дайын деп есептейтін тұлғаның субъективті жағдайы, хал-күйі деп тануға болады. Осылайша, болашақ дизайн және бейнелеу өнері мұғалімінің кәсіби даярлығының үлгісін жасай келе, біз негіз ретінде үш құрамдаушыны алдық (мотивациялық, мазмұндық және іс әрекеттік). Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау мен эксперименттік зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдердің инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолдануға болашақ мұғалімдерін даярлау құрылымдық моделін анықтауға септігін тигізеді.

Мотивациялық құрамдаушы: болашақ мұғалімдердің инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолдануға болашақ мұғалімдерін даярлау деген қызығушылығының болуымен, бейнелеу өнері арқылы көркемдік білім беруге деген оң қатынасының болуы; ұлттық бейнелеу өнерінің көркемдік білім берушілік күшінің барлығына сенімінің болуы; мұғалімнің кәсіби қызметіне деген қызығушылығының болуы; мұғалімнің қызметінің әлеуметтік мәнін сезінуі; студенттерге көркемдік білім берудегі дизайн және бейнелеу шығармашылығының мүмкіндігін саналы түсінуі; дизайн және бейнелеу өнері шығармашылығына студенттердің қызығушылығы мен қажеттігін туғызуға ұмтылысы; дизайн, бейнелеу өнеріне студенттерді тарту үшін үнемі жаңа әдістер мен жолдар іздеу қажеттігінің болуы; педагогикалық білімдерін үнемі жаңартып және байытып отыруға деген талпынысының болуымен сипатталады. Инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолдануға болашақ мұғалімдерді даярлау.



Ғылыми педагогикалық әдебиеттер мен тәжірибелік эксперименттік зерттеу нәтижелерін сараптау қорытындысы инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолдануға болашақ мұғалімдерін даярлау түсінігінің мынандай негізгі құрамдаушылар болатындығын көрсетті:

- инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолданудың педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты мазмұны мен міндеттері туралы, кәсіптік дайындық үрдісінде алынған педагогикалық білімдер жүйесін мңгеруі;

- алда тұрған инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолдану білім берудің педагогикалық іс-әрекетін нәтижелі атқару үшін қажетті практикалық іскерліктер мен дағдылардың кешенін құра білуі;

- өзін-өзі дамытуға, инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолданудан өз бетінше білім алуын, мақсатты түрдегі кәсіптік білім, іскерлік пен дағдыны шығармашылықпен қолдана білуге қажеттіліктерінің болуы;

- жеке тұлғалық мақсат бірліктің негізінде инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолданудан білім берудің педагогикалық үрдісін жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде негізгі бағыт беруші мотив болашақ мұғалімнің кәсіптік және жеке тұлғалық сапасының болуға тиіс [2]

Зерттеу нәтижесі болашақ мұғалімдерді инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолдануға дайындау туралы мынандай тұжырымдар жасауға болады: дизайн және сурет сабақтарында өнертанушылық, педагогикалық, тарихи этнографиялық, әдебиеттерді зерделей білуге дағдыландыру; пән бойынша қолданылған оқу бағдарламаларына, оқулықтарына, үйірме мен факультатив жұмыстар жоспарларымен таныса отырып, оларды талдауға, өзіндік жұмыстар жасауға талпындыру; оқу-әдістемелік әдебиеттерге, мектеп құжаттарына, дидактикалық, көрнекілік-бейнелі материалдарға талдау жасау; бейнелеу өнері шеберлерінің еңбектері арқылы көркемдік білім беру мәселесіне; өнер шығармаларын қабылдауға; дизайнерлер, суретшілер өмірі мен шығармаларын таныстыруға, оқу материалдарын сараптау; студенттермен бақылау, сауалнама, сұхбат, әңгімелер жүргізу; көркем тәрбие жұмысын ұйымдастыру, оларды іс жүзінде жүзеге асыра отырып, оларды салыстырмалы талдау жасау бойынша болашақ мұғалімдерді инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолдану бойынша алғашқы әдістемелік дайындықтан өткізу қажеттігі анықталды. Оқу-әдістемелік көмекші құралдармен, қажетті әдебиеттермен, оқулықтармен тиімді жұмыс жасауға даярлығын ұйымдастыруға негізделген болашақ мұғалімдерді дайындаудың инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолдану бағдарламасы мен әдістемесін айқындау қажеттігі көрінді. Болашақ мамандық мұғалімдерін инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн және сурет сабақтарында қолдану әдістемесінің мазмұны, өз бетімен белсенді жұмыс жүргізу, олардың әдістемелік білімге, іскерлікке және машықтылыққа шығармашылық қатынасы мен ойлау қабілетін дамыту мүмкінділіктерін қамтуы тиіс екендігі танылды [3]

Қорыта айтқанда, болашақта оқу үрдісінде осындай инновацияларды дизайн, сурет сабақтарында ұтымды пайдалану өз жемісін берері сөзсіз деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Ахметов А.К. Принципы технологии и содержание образовательной программы. – Алматы, 1995.
2. Ералин Қ. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Түркістан: Тұран, 2009
3. Ералин Қ. Бейнелеу өнері шығармашылығы. Оқу құралы. - Түркістан: Тұран, 2009